


/ Бекітемін: 
№4 «Гүлдер» бөбекжай балабақша
меңгерушісі: Кайдагулова. А. Н.

Инклюзивті балалармен жылдық жұмыс жоспары

Хромтау қаласы
2023-2024 оқу жылы

Даму мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс.

Мақсаты: Жеке тұлғаның әлеуметтік өзіндік танымға қабілеттілігі және оның бағытталуы, қызығушылығының қалыптасуы мен дамуы, білімділік және біліктілік дағдыларын үйретудің жағдайын жасау. Баланың есте сақтау динамикасын анықтау; Баланың психикалық даму деңгейін, ерекшелігін, психикалық дамудағы, мінез-құлқындағы ауытқушылығын анықтау.

Міндеттері: Сәйкес келетін деңгейінде психо-физиологиялық мүмкіндігін дамыту, артикуляциялық сөздіктермен жаттығулар, фонематикалық есту қабілетін, қолының ұсақ бұлшық еттерін, қимыл-қозғалысын шынықтыру.

Күтілетін нәтиже: Психо-физиологиялық мүмкіндігі дамиды. Өз-өзіне сенім артады, өзін-өзі бағалай білуге, қоршаған ортасына сүйіспеншілікпен қарауына жол ашады. Оқудағы, қарым-қатынастағы негізгі қиындықтары жойылады. Жағымды мінез-құлық қалыптасады.

Мемлекет қазіргі таңда даму мүмкіндігі шектеулі жандарға айрықша назарын аударып, қамқорлық көрсетіп отыр. Бұл қамқорлықтың бәрі Елбасының халыққа жолдауында, ҚР Білім туралы заңында: «Кемтар балаларды әлеуметтік медициналық педагогикалық түзету арқылы қолдау туралы» жолдауында басты назарда болып айтылады. Психологиялық тексеру кемтар балалардың психикалық жағдайының ерекшеліктері мен психикалық дамуындағы әлеуметтік мүмкіндіктерінің тиімді жүйесі, оларды оқыту, тәрбиелеу, еңбекке баулу және кәсіби даярлығын шешуде бала мүгедектігінің алдын-алуға бағытталған көптеген көкейтесті мәселелері жап-жақты қарастырылған. Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында «Балалардың сапалы тәрбие және оқытумен толық қамтылуын, олардың мектепке дейінгі тәрбие оқыту бағдарламаларына теңдей қол жеткізуін және инклюзивті білім беру жүйесін жетілдіруін» қамтамасыз ету көзделген. Инклюзивті білім берудің 3 негізгі-жіберу, қатысу, қолдау жорамалдаған, менің көзқарасым түзетумен қолдаусыз жаппай мектептерде оқитын ақыл-ойы ауытқыған, ПДТ балалар т.б. ТҚА, есту, көру, сөйлеу қабілеті бұзылған балалардың жалпы білім беру үрдісінде алдынала анықталады. Даму белсенділігі мүмкіндігінен айырылған балалармен арнайы (түзету) коррекциялық жұмыстар. Аутистік бала бейімдеу кезеңінде ата-анасымен үнемі байланыс жасаудың маңызы зор. Қазіргі уақытта дамуында ақаулары бар бар балалар саны артып отыр. Оларды оқыту кеңейіп, түзетіп қолдау технологиялары жетілдіруде. Инклюзивтік білім беру ерекше балаға білім беру саясатының бір түрі болып табылады.

Мүмкіндігі шектеулі бала өз қабілетіне сай, арнайы мектептерде білім алады. Балалар қоғамдық өмірге бейімделе бастайды, себебі тәрбиешілер арнайы сабақтар еткізіп, үйірмелерге қатыстырып, баланың бойындағы икем дағдыларын анықтайды. Мұндай балалардан дарынды суретшілер, шебер қолдар, тоқу, макраме, бисермен жұмыс жасап, неше түрлі зергерлік бұйымдарды жасап жатқандары қаншама. Коррекциялық жұмыс түрлерін жүргізу барысында бала өзіне дәс табады, еңбектенуге талпынады, қызығушылығы оянады, іскерлік қабілеті артады. Сол арқылы баланың өмірге құлшынысын, тұлғалық танымын арттыруға болады.

Түзету тапсырмалырыбалалардың игеру қиындығына қарай 3 кезекке деңгейленіп бөлініп тапсырылады.

1. Деңгейлік жеңіл ойындарда басты назар мүгедек балалардың қол мен саусақ моторикасының қызметін жетілдіруге арналады.
2. Орта деңгейлік ойындар саусақ ертегілерін сахналау, суреттермен жұмыс жасату арқылы баланын ойлау қабілетін, қиялын, тілін дамыту.
3. Жоғарғы деңгейлік ойындар. Ойын мазмұны күрделеніп, қимылды ойын түрлерімен ойнатудың мақсаты, баланың дене мүшелерінің қимылдауына пайдалы және баланың қызығушылығы артады.

Жалпы мүмкіндігі шектеулі балалармен сабақты саусақ қимылды ойындарымен ойнатқанның пайдасы өте зор. Себебі; баланың ойының, қиялының, есте сақтау қабілеттерінің артуы осы көбіне саусақ ұшымен байланысты. Жалпы адамның дене мүшелері байланысты болғандықтан қандай жаттығу өткізсе де баланың дамуына пайдасы орасан зор. Саусақ ойыны-бұл ұрпақтан-ұрпаққа жалғасын тауып келе жатқан, әрі үлкен мәні бар мәдени шығармашылық. Саусақтардың көмегімен қандай да болмасын ертегіні немесе өлең-тақпақ шумағын сахналауға болады.

Саусақ ойыны арқылы баланың сөйлеуге деген талпынысы, қабілеті дамып, ынтасы артады және шығармашылық қабілетіне жол ашылады. Саусақ ойынын ойнай отырып, балалар қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстарды, жан-жануарларды, құстарды және ағаштарды бейнелей алады. Саусақтарының қозғалыс-қимылына қарап, бала қуанады, шаттанады, сезді айтуға тырысады және өлеңдегі үйренген сөз шумақтарын қайталап айта отырып, есінде сақтайтын болады. Сонымен қатар балалар екі қолын қимылдата отырып, есінде т.б. түсініктерді бағдарлай алуды үйренеді.

Ал тіл кемістігі кездесетін балалардың жалпы қимылдары, соның ішінде саусақ бұлшық етінің қимылдары жеткілікті деңгейде дамымайды.

Сөйлеу тіл мүшелері әрекетінің қозғалуларының дамуы қол саусақтарының нәзік, қимылдарының дамуымен тығыз байланыста болғандықтан, бала қолының ептілігін толық жетілдіру, түзету-тәрбие жұмысын жүйелі жүргізуді қалайды.

Сергіту сәті. Суреттегі кейіпкерлердің даусын салу.

Ойын терапиясы-күрделі жұмыс. Ойын терапиясы ақыл-ойы кем балалар үшін перменді тәсілдердің бірі деп айтуға болады. Ойын терапиясы арқылы «мен» бейнесі ашылады, байланыстырып сөйлеу дағдысы қалыптастырылады. Ақыл-ойы кем баланы сөйлеу тілін қалыптастыру әдісі біріктіру болып табылады. Жеке және топ арқылы олармен түзету дамыту сабақтары жүргізіледі. Ақыл-ойы кем балалардың сөйлеу тілін дамыту мақсатында төмендегі ойындарды сабақта пайдалануға болады.

Даму мүмкіндігіне қарай мұғалім тапсырма бере отырып, балаға дұрыс бағыт-бағдар көрсетіп, ата-аналарымен бірлесіп отырып тәрбиелеу, оларды келешек қоғамдық орында өзін-өзі басқаруға ықпал жасайды. Даму мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс істеу өте қиын, қиын болса да тәрбиеші үздіксіз еңбек етуден жалықпайды.

Баланың танымдық және жеке көңіл-күйінің ауқымын терең психологиялық зерттеу жүргізе отырып, бала бойындағы ерекшеліктерді анықтауға болады. Бала әр түрлі психо-диагностикалық әдістерді пайдалана отырып анықтап, психологиялық қорытынды жасау Г.А. Цукерманның айтуынша: «Психологиялық түзету-дамыту жұмысы арқылы бойындағы даралық қабілеттерді қалыптастыру емес, жаңа әрекеттерге аяқ баса алатын интерпсихикалық кеңістік қалыптастыру қажет. Яғни, ауытқушылық мінез-құлықты түзетуге, өз-өзіне деген сенімділікті оятуға ықпал етеді». Балалардың жеке тұлға ретінде қалыптасуына белсенді түрде психологиялық әдіс-тәсілдер арқылы ықпал етіп, жалпы психикасы жағынан ауытқушылықтар мен кемшіліктерді түзету барысында балаларға ойын, тренингтер, сауалнама, ойын-терапия еткізудің маңызы зор.

Зерттеушілер бойындағы дене кемістігі мен психикалық ауытқушылық белгілерін айқындап алғаннан кейін, түзету жұмысының мазмұнын, сөйлеу тілі мен ақыл-ой даму деңгейін түзетуге бағыттап, күнделікті жұмыстың түрін деңгейіне қарай жоспарлап отыру қажет деп танимын. Ол үшін жұмысы төмендегідей жүйеде жүргізілуі шарт деп білемін.

Психологтың жұмыс жүргізу жүйесі.

1. Баланың психикалық дамуының ауытқу себебін анықтау.
2. Тұлғаның жеке интеллектуалдық дамуы ауытқушының-коррекциясын жүргізу, психологиялық көмек беру.
3. Барлық сұрақтарға шешу барысында әр жағдайдың ерекшелігін ескеріп, балалардың денсаулық, ар-намысына зиян тигізбеу.
4. Балаларды тексеруден өткізу психикалық және танымдық дамуындағы мүмкін болар кешеуілдеуді анықтау.
5. Әрбір балаға жекелеген қатынас жолдарын табу.
6. Баланың ой-өріс деңгейін анықтау.

Даму мүмкіндігі шектеулі балалардың бойындағы қарым-қабілетін ашу үшін олардың шығармашылық шеңберін бағдарлау қажет. Ол үшін төмендегі қағидаларды ескерген жөн деп білемін.

Танымдық қабілеттердің көлемін анықтау.

Даму мүмкіндігі шектеулі балалармен түзету-дамыту сабақтарын түрлендіріп өткізу.

Ойлауқабілеті, есту қабілеті, эмоционалдық сезімдер, зейінінің тұрақтылығы, елестету қабілеті, қабылдау, ой-өрісінің дамуы, сөйлеу қабілетін бағдарлау.

Сөйлеу тілінің, қол саусақтарының қозғалысы арасында өзара байланыстылық бар зерттеуші М. М. Кольцова балалардың сөйлеу тілі қ, қол саусақтарының импульсімен байланысты дамитындығын көрсетеді.

Бекітемін:

№4 «Гүлдер» балабақша
Менгерушісі: Кайдагулова. А. Н.

Орындаған:

№4 «Гүлдер» балабақша
Психолг: Сарсенбаева. Г. З.

Ерекше топ ОНР диагнозы бар балалары үшін жұмыс жоспары.

2023-2024 оқу жылына.

Жұмыстың орындалу мерзімі	Жұмыстың тақырыбы
Қыркүйек айы	«Күзгі жапырақ» тыныс жолға пайдалы үрлеу жаттығу «Құмнан мұнара» қолдың қозғалысын, ұсақ моторикасын дамыту жаттығуы «Судағы жапырақ» тыныс жол жаттығуы
Қазан айы	«Тікенді доп» моториканы дамыту жаттығуы «Жемістерді банкаға сал» түстермен жұмыс «Жеміс пен көк-өніс» іріктеу жаттығуы «Жапырақпен сурет» сурет сабағы бояу түрлерімен
Қараша айы	«Түсіне қарай жинақта» түстермен жұмыс «Үлкен аяқтармен жүру» іздерді анық басып жүру жаттығуы «Құмдағы саусақтардың гимнастикасы» саусақ қимылдарының дамуына жаттығу жұмысы «Бөлінген суреттерді құрастыр» таным процессін дамыту. Түстермен жұмыс
Желтоқсан айы	«Төртінші артық» визуалды зейін мен ойлауды дамыту жаттығуы «Үлкен үй, кішкентай үй» салыстыру, зейін, тұрақтылық танымдарын дамыту «Нүктелерді сызықтармен қосып, шырша сал» қол бұлшықеттерін күшейту, тепетендік сақтай білу дағдыларын қалыптастыру жаттығуы «Шыршаны әшекейле» саусақ қимылдарының дамуына және әдемілікті сақтай білу дағдыларын қалыптастыру жаттығуы

Қаңтар айы	«Бірдей түсті қолғапты тап» түстермен жұмыс «Әр аққаланың жұбын тап» үлкен кіші ұғымдарын қалыптастыру, салыстыру дағдыларын дамыту жаттығуы «Дөңгелектерді жолдармен дөңгелету» ұсақ моториканы дамыту жаттығуы «Қысқы тал» мақтамен қыс бейнесін бейнелету арқылы шығармашылық дамыту жаттығуы
Ақпан айы	«Орман аңдарын тауып көр» таным процестерін арттыру жаттығуы «Күрішпен сурет» моторикалық жаттығу және түстермен жұмыс «Ақ ұлпа қар» мақтаны түтету саусақ қимылдарының дамуына жаттығу «Қардағы бейне» қар бетіне сурет салу
Наурыз айы	«Құстардай ұшамыз» құстардың қимылын қайталау. Сөйлеу мен түсінуді дамыту «Анаға сыйлық» түрлі түстіі қағаздармен жұмыс жаттығуы «Қақпақпен гүлдерді бейнелеу» түстермен жұмыс «Қимылды ойын түрлері»
Сәуір айы	«Кірпіге саңырауқұлақ» жинақтау, іріктеу жаттығуы. «Себеттерді толықтыр» қимылды ойын «Ермексазбен жұмыс» саусақ қимылдарының дамуына жаттығу «Сенсорикалық ойын түрлері» «Бөліктерді тап» логикалық ойлау қабілеттерін арттыру жаттығуы
Мамыр айы	«Мен жинаған гүлдер» түстермен жұмыс «Машиналарды жомен жүргіз» саусақ қимылының және де логикалық ойлау қабілетін арттыру «Сенсорикалық ойын түрлері» «Көктем бейнесі» топыраққа саусақпен сурет салу